

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
Басқармасы отырысының  
№ 5 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

қ.Алматы

«19» тамыз 2021 ж.

сағат 16:00

**Атқарушы органның толық атауы және орналасқан жері:** «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Алматы қ., Достық даңғылы 13.

**Қатысқандар:**

Басқарма Төрағасы – Ректор Билялов Д.Н.;

Басқарма мүшесі, стратегия, цифрландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор Кулсариева А.Т.;

Басқарма мүшесі, зерттеу қызметі жөніндегі проректор Бурибаев Е.А.;

Басқарма мүшесі, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Нурланов Ш.Н.

Басқарма отырысын «Абай атындағы ҚазҰПУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма Төрағасы-Ректоры Д.Н. Билялов өткізді.

**КҮН ТӘРТІБІ:**

**Қазақстан Республикасының аумағында, Алматы қаласында уәкілетті органдардың шешімдерімен енгізілген санитарлық-эпидемиологиялық режимді (СЭР) ескере отырып, 2021/ 2022 оқу жылында «Абай атындағы ҚазҰПУ» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жатақханаларында студенттерді орналастыру шарттары туралы.**

Жатақханалардағы қол жетімді төсек-орындар санын, Қазақстан Республикасының Бас санитарлық дәрігерінің, Алматы қаласының санитарлық дәрігерінің Қаулыларымен анықталған санитарлық ережелерді (талаптарды) ескере отырып, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №66 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында жатақханалардағы орындарды бөлу Ережелері негізінде «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Студенттердің әлеуметтік, денсаулық жағдайын ескере отырып үстемдік тәртіпте жатақханаларда орынмен қамтамасыз етілетін студенттер санаттары анықталсын. Жатақханалардағы орындармен, төменде көрсетілген санаттар бойынша, бірінші кезекте 1 курс студенттері қамтамасыз етіледі:

1) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, ата-анасының біреуі немесе екеуі де мүгедек болып табылатын тұлғалар;

2) мүгедектер қатарындағы даму мүмкіндіктері шектеулі адамдар, бала кезінен мүгедектер, I және II топтағы мүгедектер;

3) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне таралатын жеңілдіктер мен кепілдіктерге құқылы, соларға теңестірілген тұлғалар;

4) көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға арналған жергілікті атқарушы органдарының грант иегерлері;

5) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету бағытында, білім беру бағдарламалары бойынша университетке түскен ауыл жастары қатарындағы тұлғалар;

6) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын қандастар – мемлекеттік білім беру гранттарының иегерлері.

2. Осы хаттаманың 1-ші тармағында айқындалған бірінші санаттағы студенттердің өтініштерін қарап, олар бойынша шешім қабылдағаннан кейін жатақханадан төсек-орын алуға келесі санаттағы студенттер басымдық құқықпен иемденеді:

1) мүгедек балаларға арналған интернат-үйлерінің, балалар интернат мекемелерінің тәрбиеленушілері;

2) III топтағы мүгедектер;

3) «Алтын алқа» және «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған аналардың балалары болып танылатын білім алушылар.

3. Студенттерді жатақханаға орналастыру, СЭР ескеріле отырып, комиссияның хаттамалық шешімдерімен жүзеге асырылуға тиіс, комиссияларды құру институт директорларына, факультет декандарына жүктеледі.

**Төраға**

**Билялов Д.Н.**

**Хатшы**

**Рыскалиев Д.У.**